

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ



С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ




AMANZHOLOV
UNIVERSITY


С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



№ 1 Редакция «С. Аманжолов атындағы
ШҚУ» КБАК Ғылым факультетінің
шешімімен келісілді
2020 жылғы 23 маусымдағы № 3 хаттама



№ 2 Редакция «С. Аманжолов атындағы
ШҚУ» КБАК Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілді
2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 6
хаттама



№ 3 Редакция «С. Аманжолов атындағы
ШҚУ» КБАК Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілді
2022 жылғы 29 наурыздағы № 8
хаттама

Өскемен, 2020ж.

МАЗМҰНЫ

	БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ	3
	КІРІСПЕ	6
1	БАҒДАРЛАМАНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ	9
2	СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР	18
2.1	Персоналды басқарудың жаңа стратегиясы және талант менеджментін енгізу.	
2.2	«ШҚУ - Қазақстанның Шығысындағы академиялық басымдылық орталығы» - Академиялық саясат – академиялық басымдылық саясаты.	
2.3	«ШҚУ - инновациялық университет» - ғылым, инновациялар, коммерцияландыру, технологиялар трансфері және ғылымның зияткерлік әлеуетін дамыту.	
2.4	«ШҚУ - Қазақстанның Шығысындағы халықаралық хаб» - интернационалдандыру және халықаралық бәсекелестікті арттыру.	
2.5	«ШҚУ - әлеуметтік-жауапты және парасатты университет» - білім алушылар мен оқытушылар үшін әлеуметтік экожүйені құру және жаңғырту.	
2.6	«ШҚУ - цифрлық университет» - цифрлық экожүйені және IT инфрақұрылымның қазіргі заманғы материалдық базасын дамыту.	
2.7	«ШҚУ - транспарентті университет» - басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігін арттыру.	
3	БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ	36
4	БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ БАСҚАРУ	37
	ҚОРЫТЫНДЫ	37

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛКҰЖАТЫ

Бағдарламаның атауы	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	• «Қазақстан-2050» Стратегиясы; • Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы; • Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы; • Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы; • Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың сайлауалды платформасы «баршаға бақ-береке! Сабақтастық. Әділдік. Прогресс»; • Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстанның: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы; • 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; • АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; • Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы;

Ан

	• Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы; • «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы 2019ж 28.10. №268-VI ҚРЗ берілген өзгерістерімен; • Жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысы; • «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы; • «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ; • «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығы; • ШҚО аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы; • Шығыс Қазақстан облысының аумағын 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ.
Мақсаты	Ғылым, білім және бизнесті интеграциялау негізінде ҚР экономикасының индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау үшін жағдай жасау.
Бағдарламаның негізгі бағыттары	– кадрлық әлеуетті дамыту және талант-менеджмент технологияларын енгізу; – ЖОО-ның Академиялық стратегиясын «қайта жүктеуді» өткізу; – ғылымның зияткерлік әлеуетін дамыту, технологиялар трансфері және коммерцияландыру; – халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, интернационалдандыру; – білім алушылар мен оқытушылар үшін әлеуметтік экожүйені құру және жаңғырту; – цифрлық экожүйені және ІТ инфрақұрылымның қазіргі заманғы материалдық базасын дамыту; – басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігін арттыру, қазіргі заманғы НҚА және жаһандық трендтер негізінде ЖОО-ны басқару жүйесін дамыту
Қаржыландыру көздері	– республикалық бюджет; – мемлекеттік-жеке меншік әріптестік құралдары; – шарттар бойынша ұйымдардан, кәсіпорындардан және

А.А.

	мекемелерден түскен қаражат; – халықаралық ғылыми, білім беру қорлары мен ұйымдары; – ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асырудан түсетін кірістер; – университеттің өз қаражаты; – демеушілердің қайырымдылық жарналары, заңды және жеке тұлғалардың ерікті қайырмалдықтары, меценаттық.
Бағдарламаны асыру мерзімдері	іске 2020-2025 жылдар.
Бағдарламаның орындалуын бақылау	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқармасы, Директорлар кеңесі .

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының дипломдарын дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет

Н.А. Назарбаев

Цифрлық дәуір-білімге негізделген жаһандық ақпараттық цифрлық қоғамның құрылуымен байланысты адамзат дамуының жаңа кезеңі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Қ. Тоқаев

КІРІСПЕ

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің даму бағдарламасы ҚР жоғары білім беруді дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасының Президенті мен ҚР ҒЖБМ қойған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру есебінен университеттің жоғары даму деңгейіне қол жеткізуге бағытталған. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетін дамыту бағдарламасының (бұдан әрі-Бағдарлама) бірінші редакциясы Ғылыми кеңестің шешімімен 2018 жылы бекітілді. 2018-2020 жылдар кезеңінде ҚР Үкіметі, ҚР БҒМ, ҚР ҒЖБМ Жоғары оқу орындарының академиялық, басқарушылық еркіндігін және қаржылық дербестігін кеңейтетін бірқатар заңнамалық және нормативтік құжаттарды бекітті. Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 Қаулысымен, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ҚР ҚМ ММЖК) төрағасының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 304 бұйрығымен «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-С.Аманжолов атындағы ШҚУ) болып қайта құрылды. Меншіктің құқықтық нысанының өзгеруі қолданыстағы редакцияға өзгерістер енгізуге және ғылыми кеңестің С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың жаңа Жарғысын ескере отырып, бағдарламаның жаңа редакциясын қабылдауына алып келді.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады. С.Аманжолов атындағы ШҚУ акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі болып табылады.

Жаңа ұйымдық-құқықтық нысанға көшуге байланысты Университет қызметке талдау жүргізіп, стратегиялық құжаттарға түзетулер енгізді.

Миссиясы: *Қазақстанның инновациялық дамуы үшін бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру үшін Университеттің халықаралық және ұлттық ғылым-білім беру кеңістігіндегі жетекші ролін қамтамасыз ету.*

Осы миссияны іске асыру еңбек нарығының әлемдік және қазақстандық талаптарына сәйкес келетін, қазіргі заманғы технологияларды, ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметінің дағдыларын меңгерген құзыретті, әлеуметтік жауапты және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудан тұрады.

Сонымен қатар, миссияны іске асыру университеттің бірыңғай мәдени, білім беру, зияткерлік және инновациялық кеңістігін қалыптастыруды, Болон процесінің әлемдік үрдістері мен қағидаттарына сәйкес үздіксіз білім беру сапасын (өмір бойы) қамтамасыз етуді,

белсенді халықаралық ынтымақтастықты және университет студенттері мен қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуді көздейді.

Университеттің стратегиялық пайымдауы: 2023 жылға қарай бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың негізгі бағыттары бойынша, оның ішінде 5 жетекші қазақстандық кәсіпкерлік университеттер қатарында айқын позицияланатын болады деп болжайды. Бұл ЖОО-ның танымал бренді бар университеттермен бір қатарға тұруына және әлемдік университет кеңістігінде танылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруі тиіс.

Қойылған міндеттерді табысты іске асыру үшін С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіне әлемнің озық жоғары оқу орындарының тәжірибесіне, жоғары білікті, сұранысқа ие кадрларды даярлау мен қайта даярлауға және қызметтің барлық салаларында әлеуметтік және бизнес-әріптестермен тығыз өзара іс - қимыл жасауға бағытталған пәрменді басқару жүйесіне негізделген университеттің жаңа моделін құру қажет. Бұдан басқа, ШҚУ дамыту білім беру бағдарламаларының мазмұнын өңірлендіруді талап етеді. Аймақтандыру аймақтың қажеттіліктерін білуді және бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау үшін оқу үрдісінің тиісті бейімделуін көздейді.

Стратегиялық дамудың мақсаты: Қазақстан Республикасы экономикасының индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін және ғылым, білім және бизнестің интеграциясы негізінде сыртқы нарықтың сұраныстарын қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау үшін жағдайлар жасау.

Миссияны іске асыру үшін және мақсатқа жету жолында Университет келесі міндеттерді шешуі тиіс:

1. Қазақстандық және әлемдік деңгейдегі мамандарды тарта отырып инновациялық білім беру бағдарламаларын құрастыру негізінде білім беру үрдісінің мазмұны мен ұйымдастыруын жаңғырту. Кәсіптік стандарттардың талаптарын, оның ішінде WorldSkills стандарттары бойынша талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу.

2. Білім беру бағдарламаларына онлайн-курстарды қосу, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану мүмкіндіктерін кеңейту есебінен білім беру контентін жаңарту, негізгі білім беру бағдарламаларын цифрлық құзыреттерді қалыптастыруға бағдарлау; АКТ, практикаға бағдарланған білім беру технологияларын енгізу арқылы білім беруді жаңғырту.

3. Студенттерді іргелі және қолданбалы зерттеулерге жұмылдыру негізінде ғылыми-зерттеу үрдісін жетілдіру, коммерцияландыру үрдісіне белсенді тартылған ғылыми-зерттеу кластерлер құру арқылы профессорлар мен оқытушылардың инновациялық қызметін ынталандыру.

4. Кадр саясатына талант-менеджментті дамыту және енгізу, үздік шетелдік және қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерді кеңейту.

5. Университеттің жаңа ұйымдық құрылымын қалыптастыру және корпоративтік басқару мен дербестік қағидаттарын дамыту арқылы оның тиімділігін арттыру.

6. Заманауи сандық экожүйені және IT инфрақұрылымын құру, университет кампусының материалдық-техникалық базасын жаңарту.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ классикалық, көпсалалы Университет ретінде дамудың негізгі басымдықтарын анықтады:

– «Білім беру»; «Гуманитарлық ғылымдар»; «Құқық»; «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес»; «Жаратылыстану ғылымдары»; «Техникалық ғылымдар және технологиялар»; «Қызмет көрсету» бағыттары бойынша кадрларды кәсіби даярлауды іске асыру

– қазіргі заманғы ғылым, білім және экономика салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу және оларды коммерцияландыру;

– халықаралық ғылыми-білім кеңістігіне интеграциялану; оқытушылар және білім алушылармен академиялық алмасу;

– жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрам;

– тиісті материалдық-техникалық базаның және ғылыми инфраструктураның болуы;

– өндіріспен, бизнеспен әлеуметтік серіктестіктің дамыған жүйесі және тұлғаларды жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Жаһандық трендтерді талдау

XXI ғасырда білім беру кез келген қоғам мен мемлекет дамуының маңызды стратегиялық ресурстарының бірі болып табылады, бұл ретте жаһандану, өңірлендіру және интернационалдандыру елдер мен әлемдік білім беру жүйесі дамуының өзекті үрдістері болып табылады. Сонымен, экономикаға, саясатқа, мәдениетке, бұқаралық ақпарат құралдарына әсер ететін жаһандану құбылысы білімге, оның ішінде жоғары білімге айтарлықтай әсер етеді, бұл университеттің Даму бағдарламасында ескерілген. Сонымен бірге, жаһандану үрдістері елдер мен білім беру жүйелерінің дамуының аймақтық ерекшеліктерін жокқа шығармайды.

Жаһандану, цифрландыру, өңірлендіру және интернационализация жоғары білім беруді дамытудың әлемдік трендтері сияқты мынадай түйінді үрдістерді алдын ала айқындайды: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, олардың арасында ақпараттық - телекоммуникациялық және цифрлық технологиялар да аса маңызды мәнге ие болады; коммерцияландыру үрдістерін жандандырудың мәнін көрсететін білімнің, ғылымның және бизнестің интеграциясын тереңдету; басқару архитектурасы жүйесін өзгерту және академиялық еркіндікті кеңейту арқылы университеттердің дербестігін дамыту; қосымша білім беру қызметтерін, оның ішінде «өмір бойы оқу» қағидатын іске асыруға байланысты қызметтерді ұсыну. Әлемдік тенденциялар және олармен байланысты инновациялық үрдістер қазақстандық білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етеді, бұл біздің еліміздің ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және саяси шындықтарымен қатар, С. Аманжолов атындағы ШҚУ 2020 - 2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын түзету кезінде ескерілді.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ қызметінің жағдайын талдау

Бүгінгі таңда Университетте басқару жүйесі жетілдіріліп, корпоративтік менеджмент қағидаттары енгізілді. ШҚУ-да сапа менеджменті жүйесі жұмыс істейді, сапа саласындағы саясат, мақсаттары мен міндеттері анықталған. Директорлар кеңесі, Академиялық кеңес, ФТК жұмыс істейді, ғылыми кеңес, Студенттік өзін-өзі басқару органдары және Түлектер Қауымдастығы қызметінің тиімділігі арттырылды, ЖОО-ның жұмысына бизнес-серіктестердің қатысу дәрежесі артты. Университеттің нормативтік базасы жаңартылып, заманауи талаптарға сәйкес келтірілді, ресурстарды басқару схемалары әзірленді, ШҚУ имиджін қамтамасыз ету бойынша жұмыс айтарлықтай жақсарды. Стратегиялық жоспарлау жүйесі енгізілді және ЖОО-ның дербестігіне көшу бойынша жұмыс басталды.

Университеттің корпоративтік мәдениеті жалпы рухани құндылықтарға, дәстүрлер мен тарихқа негізделген. ШҚУ «Оқытушының ар-намыс кодексі», «Студенттің ар-намыс кодексі», «Академиялық адалдық ережелері», «Этика ережелері» әзірленіп бекітілді, онда оқытушылар мен студенттер мінез-құлқының негізгі этикалық ережелері айқындалған. Қызметкерлер мен профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ) арасында жоғары оқу орнын басқару жүйесімен қанағаттану атты жыл сайын жүргізілетін мониторинг корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы студенттер мен жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізумен бағаланады: «Студенттердің білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануы», «Оқытушы студенттер көзімен», «Жұмыс берушілердің түлектер сапасына қанағаттануы» және т. б. ШҚУ ғылыми-білім беру қызметтерінің сапасын танудың дәлелі:

БСҚТҚА 5 жыл мерзімге институционалдық аккредиттеу (сертификат ІА-А №0104 27.05.2019-24.05.2024 жж.);

– бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша БСҚТҚА, АРТА халықаралық мамандандырылған аккредиттеу (87%);

– ҚР БҒМ БССҚК ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелген (аккредиттеу туралы куәлік. 2020 жылғы 01 шілдедегі №006199 ЖК сериясы);

– сынақтар өткізуге арналған физика-химиялық зерттеулердің сынақ орталығын аккредиттеу (Аттестат № КЗ.И.07. 1493 9 маусым 2014 ж.).

ШҚУ білім беру қызметтерінің жоғары сапасы тәуелсіз халықаралық және қазақстандық агенттіктер мен қызметтер жүргізетін әртүрлі рейтингтердің қорытындыларымен бірнеше рет расталды:

Шетелдік агенттіктер:

- «Webometrics Ranking of World Universities» бағалауы бойынша жоғары оқу орны 34-орында тұр);

- жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингінде «QS Asia University Rankings 2023» - 401-450 орында (Қазақстанның 32 жоғарғы оқу орнының ішінде 16 орында).

- республикалық агенттіктер:

- БСҚТҚА өткізетін Қазақстанның үздік ЖОО - 2022 ұлттық рейтингінде ЖОО Қазақстанның 20 көпбейінді ЖОО арасында 5-шы орынға ие;

- АРТА өткізетін 2020 жылғы мамандарды даярлау бағыттары мен деңгейлері бойынша ҚР ЖОО қажеттілігінің Ұлттық рейтингінде ЖОО 8-ші орында.

- АРТА өткізетін мамандарды даярлау деңгейлері мен бағыттарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша рейтингте бакалавриат пен магистратураның 14 білім беру бағдарламасы үздік ондыққа кірді.

Ғылыми қызметті ғылыми-зерттеу зертханалары мен ШҚУ орталықтары жүзеге асырады: Ұжымдық пайдаланудағы Ұлттық ғылыми зертханасы, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы зертханасын қосқанда; Физика-химиялық зерттеулердің сынақ зертханасы; Цифрлық технологиялар және модельдеу лабораториясы; Инновациялық технологиялардың ғылыми-өндірістік лабораториясы; «Жер үсті инженериясы және трибология» ғылыми-зерттеу орталығы; «Алтайтану» ғылыми-зерттеу орталығы; «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы; Экономикалық зерттеулер орталығы. «G – Global» алаңындағы экономикалық және заңгерлік зерттеулер орталығы; - Start up академиясы.

Ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертхана Шығыс аймақтағы жалғыз болып табылады.

ШҚУ қызметкерлері мен ПОҚ орындаған жұмыстардың жалпы көлемі 2017 жылы 335 608 440,5 теңгені құрады және Республика мен Шығыс Қазақстан облысының жеке ұйымдары мен кәсіпорындарының тапсырысы бойынша 30 914 000 теңге сомаға 7 шаруашылық келісімшарттық жоба жасалды.

Ғылыми зерттеулерді орындау және ғылыми базаны нығайту үшін 2022 жылы жалпы сомасы – 55 224 032,34 теңгеге 055 «Гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша жабдық сатып алынды.

«Жер үсті инженериясы және трибология» ғылыми-зерттеу орталығы ҚР ҰҚМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру жобалары шеңберінде ҮМЗ АҚ және BEST ЖШС өңірінің жетекші кәсіпорындарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді: AP09058686 «Радиоэлектрондық өнеркәсіпте қолдану үшін жоғары жылу және электрофизикалық қасиеттері бар бериллий оксиді негізіндегі нанокөмposициялық керамика»; AP08857800 «Магний фторидінің өндірістік қалдықтарын өндеудің плазмохимиялық әдісін жасау».

ҮМЗ АҚ - мен бірлесіп бериллий фторидінің магнийтермиялық тотықсыздану процесінде бериллий өндірісінде түзілетін магний фторидінің өнеркәсіптік қалдықтарын өндеудің плазмохимиялық тәсілі әзірленді. Магний фторидінің қалдықтарынан магний оксидін алудың тәжірибелік-өнеркәсіптік плазмохимиялық технологиясы бериллий өндіру және экологиялық қауіпті азайту үшін жаңа және маңызды болып табылады.

Университеттің **халықаралық ынтымақтастығы** әлемдік білім беру қоғамдастығына интеграциялауға, беделді мемлекетаралық бірлестіктердің жұмысына қатысуға, жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарымен өзара әрекеттестік жасауға бағытталған. Университет жеті Халықаралық ЖОО қауымдастықтарының мүшесі болып табылады: Еуразиялық университеттер қауымдастығы (1995 ж.); Халықаралық Жоғары мектеп академиясы (1998 ж.); Университеттердің Ұлы Хартиясы (2009 ж.); «Біздің ортақ үйіміз – Алтай» Халықаралық үйлестіру кеңесі (2011ж.); Азия университеттері қауымдастығы

(2013ж.), Еуропалық университеттер қауымдастығы (2016 ж.), «Ядролық технологиялар саласында білім беру және мамандарды даярлау (STAR-NET)» өңірлік желісі (2016 ж.). «IAESTE ұлттық комитеті» республикалық қоғамдық бірлестігі, түркі университеттері Одағы (2022 ж.).

2020-2022 жылдары ЖОО-дағы оқытушылық қызметке шетелдік ғалымдарды тарту аясында білім алушылар үшін АҚШ, Оңтүстік Корея, Түркия, Польша, РФ, Венгрия, Үндістан, Литва елдерінен 40-тан астам профессор онлайн және офлайн форматта дәріс оқыды.

Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту – ШҚО дамуының басым бағыттарының бірі. Жыл сайын серіктес жоғары оқу орындарымен өзара іс - қимыл шекаралары кеңейтіліп, жаңа шарттар жасалуда. Қазіргі уақытта университет әлемнің 20-дан астам елінен 120-дан астам ЖОО-мен ынтымақтастықты дамытуда. ШҚО серіктестерінің арасында жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындары бар: Түркия, АҚШ, Швейцария, Қытай, Оңтүстік Корея, Польша Республикасы, Чехия, Франция, Испания, Латвия, Ресей, Беларусь, Германия, Венгрия, Литва, Үндістан, Моңғолия, Қырғызстан.

Университет Алтай мемлекеттік университетімен (РФ), Томск Ұлттық зерттеу мемлекеттік университетімен (РФ), Витантус Магнус университетімен (Литва) қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша келісімдерге ие.

ПОҚ мен университет студенттерінің академиялық ұтқырлығы серіктес университеттермен ынтымақтастық негізінде республикалық бюджет қаражаты есебінен, «Erasmus+», «Болашақ» сияқты халықаралық стипендиялық бағдарламалар қаражаты есебінен және ғылыми жобалар есебінен іске асырылады.

Тәрбие жұмысы қоғамдық сананы өзгертуге және жоғары азаматтық және адамгершілік қағидаттары, патриоттық сезімі және әлеуметтік жауапкершілігі бар жаңа формациядағы азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған. ШҚУ-да студенттік өзін-өзі басқару қағидалары мен бастамалары іске асырылады, оқушылардың шығармашылық дамуы және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру бойынша азаматтық-патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. Жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын білім алушылардың үлесі жалпы контингенттің 70% - ын құрайды. Өзара қарым-қатынас және тілдесім ортасын қалыптастыру, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті дамыту мақсатында Университетте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері, әлеуметтік сайт белсенді пайдаланылады www.vkgu.kz бұл студенттерге онлайн форумдар өткізуге, Университет басшылығымен өзара әрекеттесуге, академиялық мәселелер бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылым және материалдық-техникалық база әкімшілік, оқу және оқу-зертханалық корпустармен, қосалқы үй-жайлармен және білім алушылар мен қызметкерлердің тұруына арналған студенттік үйлермен ұсынылған. Барлық корпустар мен студенттердің үйлерінде жөндеу (ағымдағы) жұмыстары белсенді жүргізілуде, 2018 жылдың қыркүйегінен бастап «PARASAT» студенттерге қызмет көрсету орталығы, 2019 жылдан бастап - А.Трунов атындағы фитнес-орталық жұмыс істейді.

Университеттің заманауи ресурстары бар, олардың мазмұны сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Университеттің балансында жалпы ауданы 58661,5 ш.м. 8 оқу-зертханалық корпусы бар, оның ішінде оқу-зертханалық ауданы - 19310,6 ш. м., дене шынықтыру және спорт объектілерінің ауданы - 8621,1 ш. м. Университеттің жобалық қуаты - 11 200 орын.

Университет өзге жерлерден келген студенттерге жалпы ауданы 16687,1 м2 құрайтын 1787 орындық 4 жатақхана ұсынады; жатақханалар тұрмыстық және душ қабылдау бөлмелерімен, тұрмыстық техника, телевизор, Интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар компьютерлер қойылған демалыс бөлмелерімен қамтылған.

Университеттің жалпы ауданы 2108 шаршы метрді құрайтын ірі ғылыми кітапханасы бар, кітапхана қоры 1200 млн. данадан асады.

Сонымен қатар, Вистениус-Панкратьев атындағы оқу-далалық тәжірибе орталығы, «Сибины» тәжірибе оқу-ғылыми орталығы, Университет тарихының мұражайы, «Шығыс Қазақстанның інжу-маржандары» Ғылыми-білім беру кешені (Бажанов атындағы, геологиялық мұражай, гербарий кабинеті), «Чайка» жүзу зертханасы», «Берел» баспасы жұмыс атқарады.

Жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты мәселелерді шешу, бейнебақылау, турникеттер орнату бойынша жұмыстар жанданды.

Ең басты назар әлеуметтік салаға аударылады. Оқытушылар мен қызметкерлердің толыққанды және сапалы демалысы үшін 2018-2020 жылдары «Сибины» демалыс базасы ретке келтірілді.

Білім алушылар мен оқытушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпаратты қамтитын білім беру және қашықтықтан басқару порталдары, ААЖ жұмыс істейді. Білім беруді ақпараттандыру мақсатында дәстүрлі оқу залдары, әдебиет беру абонементтері, каталогтар, кітап қоймалары бар ғылыми кітапхана жұмыс істейді, электрондық ресурстарды ашу және ғылыми әдебиеттер мен жарияланымдарды цифрлау есебінен кеңейді.

Қазіргі уақытта ШҚУ заманауи ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру орталығының арқасында цифрлық университет моделіне көшуде. Цифрлық технологиялар базасында университеттің бірыңғай білім беру кеңістігін құру жөніндегі жұмыстар осындай ауысудың негізі болды. Талшықты-оптикалық желі төселді, ол аумақтық мағынада қатты бөлінген Университет құрылымын біріктіретін «Өмір» магистраліне айналды. Осы талшықты-оптикалық желі негізінде барлық компьютерлік паркті, Университет қызметкерлері мен студенттерінің барлық жұмыс орындарын бір қисынға біріктіруге мүмкіндік беретін қорғалған корпоративтік желі жобаланып, салынды. Желіні жобалау оны одан әрі масштабтау және жаңғырту мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылды. Бейнебақылау жүйелері мен өткізу жүйесін қамтитын Университет аумағы мен үй-жайларына кіруді бақылаудың бірыңғай жүйесін баптау және жаңғырту қарқынды жүргізілуде. Бұл Smart-инфрақұрылым жүйесін өрістетудің алғашқы қадамы болып табылады, оның базасында жақын арада университеттің барлық бейне ресурстарын басқару бойынша ахуалдық орталық ұйымдастыру жоспарлануда.

ІС электрондық құжат айналымы жүйесі енгізіліп, пайдалануға енгізілді, соның арқасында бизнес-үрдістердің тиімділігі едәуір артты: корпустар арасындағы қызметкерлердің қозғалыс саны азайды, құжат айналымы технологиясы жеделдеді және құжаттармен жұмыс істеудің ашықтығы артты.

Бірыңғай деректер қоймасы және сервисер репозиторийі (кітапханасы) негізінде барлық Ақпараттық жүйелерді сервиске бағдарланған архитектураға көшіру туралы жүйелі шешім қабылданды. Мұндай шешім университетте бар барлық Ақпараттық жүйелерді, жеке әзірлемелерді де, үшінші тараптарды да кезең-кезеңімен біріктіруге мүмкіндік береді. Осы шешімнің арқасында жанадан қосылған ақпараттық жүйелер, оның ішінде ҚР ҒЖБМ жүйелерімен интеграциялау үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету ортақ ақпараттық кеңістікке оңай интеграцияланатын болады.

Университеттің барлық маңызды шешімдері ашық және айқын форматта қабылданады, оған университеттің барлық органдарының 30% - дан астамын құрайтын студент өкілдері қатысады. ШҚУ осы басқару жүйесін және білім алушылардың ЖОО-ны басқаруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үрдісіне белсенді қатысуын мақтан тұтады.

Ұжымның инновациялық әлеуетін бағалау

ШҚУ-да оқу үрдісін білікті профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырады, оның 87% – дан астамы - штаттық оқытушылар. Деректерді талдау абсолютті көрсеткіштерде «ғылыми дәрежеленген» оқытушылардың саны біршама төмендейтінін көрсетеді, алайда ПОҚ-тың жалпы санына қатысты пайыздық өлшемде тұрақты өсу байқалады. Ғылыми дәрежелер мен атақтардың иегерлері БҒСБК жіктеуішіне сәйкес ғылыми бағыттардың толық спектрімен ұсынылған.

Практикалық дайындықты арттыру мақсатында факультеттердің бітіруші кафедраларында кәсіпорындардың нақты тапсырыстарына дипломдық жобаларды дайындау бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Өңірдің кәсіпорындары мен ұйымдарында оқу процесіне және кәсіптік практиканы ұйымдастыруға әлеуетті жұмыс берушілерді белсенді тарту арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту орталығы болып табылатын кафедра филиалдары ашылған.

Оқытушылардың құзыреттілігін жүйелі бағалаудың негізгі тетіктерінің бірі ПОҚ рейтингі болып табылады. ПОҚ қызметі сапасының мониторингінің бұл түрі жыл сайын «С.Аманжолов атындағы ШҚУ профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне ынталандыру үстемелері туралы» ереже негізінде жүзеге асырылады. Нәтижелерді ШҚУ басшылығы келісімшарттарды ұзарту, кадрлық тағайындаулар туралы шешім қабылдау кезінде және ПОҚ, кафедра меңгерушілері, декандар мен олардың орынбасарларының жалақысына үстемеақының мөлшерін анықтау кезінде пайдаланады.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін барабар бағалау және мүдделі тараптарды ШҚУ-ны дамытуға тарту мақсатында білім беру мекемелерімен, қазақстандық ірі кәсіпорындармен және бизнес-құрылымдармен іскерлік өзара тиімді қатынастар орнатылды.

Кадрлардың қажеттілігіне еңбек нарығының өзгеру үрдістерін болжау. Аймақпен байланыс. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Өңірлерді дамытудың қажетті шарты өңірдің білім беру, ғылыми-инновациялық, кәсіпкерлік және экономикалық жүйелерінің негізі, оны дамытудың драйвері мен модераторы ретінде мықты жоғары оқу орындарының болуы болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында өңірлік экономиканың тиісті мамандарға ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін уақтылы қанағаттандыру өңірдің орнықты дамуға бірқалыпты көшуіне ықпал етеді. Шығыс аймақтағы даму локомотивінің функциясын орындай отырып, ШҚУ әртүрлі республикалық және аймақтық бағдарламаларға белсенді қатысады және аймақ пен елдің инновациялық дамуы үшін кадрлардың негізгі «жеткізушілерінің» бірі болып табылады. ЖОО оқытушылары мен қызметкерлері қоғам өміріне, мәдениетті дамытуға, сондай-ақ Білім және ғылым, қала, облыс және өңір өнеркәсібі мен экономикасы саласындағы бағдарламаларға белсенді қатысады.

ЖОО жұмысын насихаттау және жарнамалау мақсатында басшылықтың БАҚ-пен байланысы орнатылды.

ЖОО-да заманауи жабдықтармен жабдықталған «Алтай жастары» студенттік теле-радио кешені ашылды.

Қазіргі заманғы инновациялық құрылымды қалыптастыру жоғары оқу орнына ғылыми-зерттеу және білім беру орталығы мәртебесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін жоғары оқу орнының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл білім беруді, ғылыми зерттеулердің кең спектрін жүргізуді, ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың жолға қойылған жүйесін және білім беру мекемелері, экономиканың жоғары технологиялық секторлары үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлаудың тиімді жүйесін көздейтін оқытудың жаңа моделін енгізуді талап етеді. Университет Шығыс өңіріндегі ғылыми-зерттеу және білім беру орталығы мәртебесіне көшу және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне бірігу үшін жеткілікті әлеуетке ие.

ЖОО-ның коммерциялық емес акционерлік қоғамға ауысуы

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 Қаулысымен, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ҚР ҚМ ММЖК) төрағасының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 304 бұйрығымен «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-С.Аманжолов атындағы ШҚУ) болып қайта құрылды. Меншіктің құқықтық нысанының өзгеруі қолданыстағы редакцияға өзгерістер енгізуге және Ғылыми

кенестің С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың жана Жарғысын ескере отырып, жана редакцияда қабылдауына алып келді.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі болып табылады.

ШҚУ қызметіне жалпы басшылықты Директорлар кеңесі жүзеге асырады (КЕАҚ Жарғысының 70-тармағы). Директорлар кеңесінің шешімімен оның бірінші отырысында басқарманың сандық құрамы мен Басқарма мүшелері бекітіледі (КЕАҚ Жарғысының 71-тармағының 6-тармақшасы).

ҚР Азаматтық Кодексінің 45 және 46-баптарына сәйкес заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде қайта құрылған заңды тұлғаға қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның барлық құқықтары мен міндеттері (құқықтар мен міндеттер, оның ішінде мүліктік және мүліктік емес құқықтар, штат саны, міндеттемелер, талаптар) көшеді.

ШҚУ келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) білім алушыларды тамақтандырумен, тұратын орынмен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

3) жұмыскерлерді тамақтандырумен, тұратын орынмен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізеді;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру үрдісін, зерттеулерді, тәрбие және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз етуге арналған баспа және полиграфия қызметі

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен педагог қызметкерлер арасындағы олимпиадаларды, жарыстарды, конкурстарды, конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру мен оларға қатысуды қамтиды;

9) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады;

10) технополистерді, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, Технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын, жобалық конструкторлық бюроларды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

11) Білім және ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, байқаудан өткізуге және енгізуге қатысу;

12) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивті білім беру ресурстары мен оқу фильмдерін ұйымдастыру, құру және дамыту;

13) білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялауға қатысу;

14) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыруды, қаржыландыруды, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысуды көздейді.

ШҚУ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-корын құруға құқылы;

2) бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен ғылыми-білім беру қызметі жөніндегі заңды тұлғаларды құруға құқылы;


3) стартап-компаниялар ашу;

4) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін косымша қаржы және материалдық қаражат көздерін тартуға құқылы;

5) шет мемлекеттерде филиалдар құруға құқылы.

Аманжолов атындағы ШҚУ аймақтық ЖОО ретінде білім, ғылым және өндіріс интеграциясына, заманауи менеджменттің жүйелілігі мен қағидаттарына негізделген. Стратегиялық бағыттар жоғары мектептің жаһандық даму үрдістері контекстінде ұзақ мерзімді кезеңге әзірленген және ЖОО-ны заманауи IT ресурстарымен, ғылыми және білім беру инфрақұрылымымен, мамандарды үш деңгейлі даярлаумен, кең автономиямен және коммерциялық емес қызмет түрімен Smart-университетке трансформациялауға бағытталған.

Сонымен, ағымдағы жағдайды талдау 2018-2020 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыруда ШҚУ-дың айтарлықтай нәтижелерін көрсетеді, бұл ретте 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ және басқа да НҚА-да көрсетілген жоғары білім мен ғылымды дамытудағы жаңа басымдықтар өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін негіздейді және университет алдына жаңа міндеттер қояды. Университеттің құрылымдық компоненттері бойынша тәуекел -менеджментіне кешенді талдау жүргізілді: сыртқы ортаның әсері, бәсекеге қабілеттілігі, қызмет ерекшелігі, қаржы саласы стратегиялық жоспарлау кезінде шешуді қажет ететін проблемаларды анықтады (Сурет1.).



Сурет 1. - Тәуекел-менеджмент тәсілдері бойынша университет қызметін талдау

ЖОО-ның тәуекел-менеджментін және қызметтің күшті және әлсіз жақтарын, қолайлы мүмкіндіктер мен ықтимал қауіптерді кешендерді талдау SWOT-талдау түрінде ұсынылған.

Кесте 1. - SWOT талдау

АА

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
1. Өңірдегі жалғыз мемлекеттік көпсалалы жоғары оқу орны; 2. «Білім беру», «Жаратылыстану ғылымдары», «Бизнес», «Техникалық ғылымдар», «Қызмет көрсету», «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының кең спектрі: бакалавриат - 61, магистратура – 45, PhD докторантура – 19 Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу; 3. Бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу; 4. 4 Жоғарғы мектеп және 14 кафедра, Жоғары колледж; 5. Дамыған инфрақұрылым және материалдық-техникалық база; 6. Өңірде орта, орта-техникалық білім беру мекемелерінің, сондай-ақ дамыған және тұрақты дамушы кәсіпорындар санының көп болуы; 7. Түсті металлургияның, машина жасау және металл өңдеу, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібінің, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің, туризмнің дамуы; 8. Шетелдік және отандық орталықтармен, ғылыми мектептермен, ЖОО-мен ынтымақтастық үшін ашықтығы; 9. Ұлттық ауқымда университеттің жеткілікті рейтингі; 10. Ұжымдық пайдаланудағы ұлттық ғылыми зертхананың болуы.	1.Педагогикалық мамандықтар бойынша үш деңгейлі дайындық жеткіліксіз жүзеге асырылуда; 2.ЖОО-ның World University ranking QS әлемдік рейтингіне қатыспауы; 3.Корпоративтік басқару және HR - менеджмент және талант –менеджмент тәжірибесінің жеткіліксіздігі; 4.Қосдипломды білім беруді және ПОҚ академиялық ұтқырлығын іске асыру үшін білім алушылар мен ПОҚ тілдік даярлығының жеткіліксіз деңгейі; 5.ПОҚ жариялау белсенділігінің төмен деңгейі және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру; 6.Студенттердің ғылыми зерттеулерге және университеттің инновациялық қызметіне, стартаптарға қатысуының жеткіліксіз деңгейі; 7.Бакалавриат санына қатысты магистратура мен докторантурада білім алушылар контингентінің жеткіліксіздігі; 8.Білім беруді акпараттандыру, автоматтандыру және цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі . 9.Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттер үлесінің жеткіліксіздігі. 10.Ғылыми кадрлардың қартаюы 11.Кейбір БББ бойынша оқытудың практикалық-бағдарлану деңгейінің жеткіліксіздігі және түлектер бейіні құзыреттерінің кәсіби қоғамдастық талаптарына сәйкес келмеуі. 12.Кейбір БББ (Физика, Биология, География және т.б.) бойынша ескірген оқу-зертханалық база.
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
1. Басқару құрылымын оңтайландыру және ынтыландыру жүйесін енгізу есебінен талантты кадрларды тарту; 2. Басқа өңірлер мен жақын шетелдерден дарынды жастарды тарту; 3. Магистратура мен докторантураның жаңа БББ аккредитациядан өту, педагогика бойынша диссертациялық кеңестің ашылуы;	1. Білікті кадрлардың басқа жоғары оқу орындарына кетуі; 2. Талапкерлерді даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі ; 3. Пандемия басталуына байланысты аймақ кәсіпорындарының өнімділігі мен халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі; 4. Өңірдегі экологиялық жағдайдың нашарлауы.

4. Өңірде сұранысқа ие кадрларды даярлау үшін бакалавриаттың инновациялық БББ кеңейту; 5. ЖАОК және blend оқыту көмегімен қашықтықтан оқытуды дамыту; 6. ШҚО Кәсіпкерлер палатасымен және «Даму» қорымен бірлесіп Университет студенттері үшін бизнес-инкубатор және жұмыс орындарын құру; 7. Өзекті іргелі және қолданбалы зерттеулерді, стартаптарды орындау үшін ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертхана базасын тиімді пайдалану; 8. Қызметтің барлық бағыттарын цифрландыру.	5. Бәсекелестердің белсенді саясаты; 6. Болашақ кәсіби кадрлардың жеке басын калыптастыруға әлеуметтік ортаның теріс әсері 7. Шетелдік жоғары оқу орындары тарапынан белсенді бәсекелестік болған жағдайда ІТ технологиялардың және ЕҰ дамуына байланысты күндізгі оқу қажеттілігінің төмендеуі.
--	---

м

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР

С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың қол жеткізген даму нәтижелері және көрсетілген тәуекелдер мен мүмкіндіктер ЖОО-ның болашақ дамуы үшін өз өзектілігін толық сақтайды. ШҚУ-дың сәтті дамуы көрсетілген қауіптер мен тәуекелдерді дәйекті түрде жеңген жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. ШҚУ-дың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағыттарын таңдау оның миссиясымен, қазақстандық қоғамның, ғылымның, экономиканың және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің даму басымдықтарымен, ҚР-ның жоғары білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарымен айкындалады. Осыны негізге ала отырып, мынадай стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер және күтілетін нәтижелер анықталған. С. Аманжолов атындағы ШҚУ 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асырудың негізгі кезеңдеріне сәйкес болжамды көрсеткіштер ұсынылған.

Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары. Миссияны жүзеге асыру және мақсатқа жету үшін Университеттің стратегиялық даму бағыттары анықталды:

1-стратегиялық бағыт. Персоналды басқарудың жаңа стратегиясы және талантты менеджментті енгізу.

2-стратегиялық бағыт. «ШҚУ – Қазақстанның шығысындағы академиялық артықшылық орталығы» - академиялық саясат – академиялық артықшылық саясаты.

3-стратегиялық бағыт. «ШҚУ - инновациялық университет» - ғылым және инновациялар, технологиялардың коммерцияландырылуы және трансфері. Ғылымның зияткерлік әлеуетін дамыту.

4-стратегиялық бағыт. «ШҚУ - Қазақстанның шығысындағы халықаралық хаб» - халықаралық бәсекелестікті интернационалдандыру және арттыру.

5-стратегиялық бағыт. «ШҚУ-әлеуметтік-жауапты және парасатты университет» - білім алушылар мен оқытушылар үшін әлеуметтік экожүйені құру және жаңғырту.

6-стратегиялық бағыт. «ШҚУ-цифрлық университет» - цифрлық экожүйені және IT инфрақұрылымның қазіргі заманғы материалдық базасын дамыту.

7-стратегиялық бағыт. «ШҚУ-транспарентті университет» - басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігін арттыру.

1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ МЕНЕДЖМЕНТТІ ЕНГІЗУ.

Мақсаты: кәсіби қызмет үшін үздік оқытушылар мен қызметкерлерді тарту, іріктеу, дамыту және ұстап қалу.

1-міндет. Жоғары білікті ғылыми-педагогикалық, әкімшілік-басқару персоналының пулын қалыптастыру.

1.1. Мемлекеттік тапсырыс және ШҚУ-өз қаражаты есебінен жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын мақсатты даярлау.

1.2. ЖОО бұрын даярлауды жүзеге асырмаған 8D01101 - Педагогика және психология, 8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 8D04201 – Құқықтану, 8D05101 - Биология, 8D06101 - Информатика, 8D03101 Психология PhD секілді жаңа бағыттары бойынша лицензия алу үшін құжаттарды өзектендіру және тапсыру. Құжаттарды, кадрлық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді дайындау және БББ тізіліміне 8D01702 шетел тілін: екі шетел тілін енгізу.

